

Қаражал қаласы бойынша шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2023 жылғы 18 мамырдағы № 31 шешімі. Ұлытау облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 23 мамырда № 17-20 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-10-тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 қаулысына сәйкес Қаражал қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап Қаражал қаласы бойынша шетелдіктер үшін туристерді орналастыру орындарындағы туристік жарна мөлшерлемелері- болу құнының 1 (бір) пайызы мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихаттың төрағасы

З. Оспанова